

АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№9(19) 1 наурыз 2024 жыл

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

СІЗДЕРГЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ

Елімізде 1 наурызды Алғыс айту күні деп жарияланғанда біздер осы мерекенің әр түрлі ұлт өкілдерін бір-біріне жақындастыратынына, бауырмалдық пен сыйластық күніне айналатынына сенімді болдық. Бұл шешімнің басты мақсаты – мемлекетіміздің бірлігін нығайту, келісім мен қайырымдылықты, қазақ халқына деген ізгілікті насихаттау.

Алғыс айту күні – бейбітшілік пен келісім саясатының күні, түрлі этнос өкілдерінің қасиетті қазақ жері мен қайырымды қазақ халқына айтар алғысы, жасар тағзымы. Қазақ ежелден кеңпейілділігімен, қонақжайлығымен аты шыққан халық. Өткен ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдары тағдыр тәлкегіне ұшырап жер аударылып келген талай ұлтты бауырына басып, қамқорлық танытқан, олармен нын бөлісіп жеген осы қазақ халқы болатын. Қазақтардың осындай жақсылығын көргендердің бірі біздің әулет. Ата-әжелеріміз, әке-шешеміз сонау қиын-қыстау репрессия жылдарында Кавказдан Талғарға



жер аударылып, қазақ елінің қамқорлығын көрген екен. Олар кезінде қазақтардың қолындағы барымен бөлісіп,

келдім. Ата-анамыз біздің бойымызға жасымыздан тәрбие дарытып, қазақы салт-дәстүрмен сусындатып өсірді. Бәріміз қазақтың ұлттық құндылықтарын құрметтейміз. Өміріміз саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнадым. Қазір зейнеттемін. Сонда да ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене араласамын. Әр күнімді ең алдымен Аллаға, одан кейін ата-анама және қазақ халқына алғыс айтумен бастаймын. Өйткені алғыс айту арқылы өмірдегі өз орнымды біле аламын. Алғыс айту адамдар арасында сенімді, сыйластықты арттырады, мейірімділікті оятады. Ал бір Отанды мекен еткен адамдар арасындағы алғыс пен сыйластық бейбітшілікке, келісімге жетелейді. Сондықтан алғыс айту – парызым деп есептеймін. Сіздерге мың тағзым, ардақты қазақ халқы!

Гюняш ТУРСУНОВА,
Талғар ауданы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында Іле өзенінің деңгейі көтерілді

Алматы облысындағы Іле өзенінің гидрологиялық бекетінде су деңгейі көтерілді, деп хабарлайды облыстық төтенше жағдайлар департаменті.

Ілең суы тасыса өзен бойындағы елді мекендерге қауіп төнуі мүмкін, өйткені небәрі 15 шақырым қашықтықта орналасқан. Су деңгейі 462 см көтерілген. Өзеннің бетінде мұз кептелісі болған.



«Алынған ақпараттың негізінде Іле өзенінің сағасын көзбен шолып тексеру және бағалау үшін жедел топ жіберілді. Тексеру нәтижелері бойынша елді мекендерге қауіп анықталған жағдайда шаралар қабылданатын болады. Шарын ауылының ең жақын елді мекені 15-20 км қашықтықта орналасқан», - делінген хабарламада.

Ведомство бұл учаскеде тәулік бойы «Қазгидромет» РМҚ бақылау пункті жұмыс істейтінін айтты.

Коворкинг-центр для молодёжи открыли в Конаеве

В городе Конаев Алматинской области открылся новый коворкинг-центр, который станет центром, обеспечивающим всестороннее развитие молодежи, передаёт BaigeNews.kz.



Центр будет оказывать психологическую и юридическую поддержку молодежи, консультировать по финансовой грамотности и оказывать поддержку в трудоустройстве молодежи NEET квалифицированными специалистами.

На открытии данного центра приняли участие председатель комитета по делам молодежи и семьи Министерства культуры и информации Республики Казахстан К. Камбаров, первый заместитель акима Алматинской области Н. Абдрахим, директор Научно-исследовательского центра «Молодежь» А. Ерниязова и активная молодежь области.

По окончании торжественной церемонии открытия председатель комитета по делам молодежи и семьи Министерства культуры и информации Республики Казахстан К. Камбаров провел встречу с молодежью Алматинской области в данном центре.

Үшқоңыр тауын меншіктен алғандардың әрекеті тексеріледі

Алматы облысындағы Үшқоңыр тауын меншіктен алғандардың әрекеті тексеріледі, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Прокуратураның жер заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұсынымында, заңды тұлғаларға жер учаскелерін беру барысында атқарушы органдардың Жер кодексінің талаптарын бұзғаны хабарланған. Осы ретте департамент былтыр наурыз және сәуір айларында Алматы облысының Қарасай аудандық сотына және Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жер учаскелерін сағып алу-сағу келісімшарттарын заңсыз деп тану және оның күшін жою жөнінде үш талап-арыздар жолдаған, - делінген вице-премьердің ресми жауабында.



Алайда «Дүние-Агро» ЖШС-не тиесілі көлемі 193,0 гектар жер учаскесіне берілген талап арыз Алматы облысының Қарасай аудандық сотының шешімімен қанағаттандырылған.

Департамент бұл шешіммен келіспей, 2023 жылдың желтоқсан айында Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берген.

Ал қалған екі талап-арыз қазіргі уақытта Алматы облысы Қарасай аудандық соты мен Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралып жатыр.

Находившегося в международном розыске мужчину задержали в Алматинской области

Мы - вместе

БЛАГОДАРИМ ЗА МИЛОСЕРДИЕ!

В Казахстане 1 марта отмечают День благодарности. Аналогов этому празднику нет ни в одном государстве. Сейчас в нашей многонациональной стране живут более 130 этносов.

Сколько трудностей им удалось преодолеть и как они живут сегодня? Об этом с корреспондентом газеты поделилась руководитель филиала Общественного объединения «Республиканский этнокультурный центр уйгуров Казахстана» города Конаев с 2019 года Нуранова Римма Саттаровна. Уйгуры - переселенцы, другие народы - поляки, немцы, корейцы, ингуши - были высланы сюда в годы репрессии. Расселились по всей стране, поэтому и праздник благодарности отмечается во всех городах Казахстана. В память о том, что страна стала для них вторым домом, представители десятков этносов говорят сегодня «спасибо».

В настоящее время уйгуры входят в пятерку самых распространённых национальностей, населяющих в основном Алматинскую область. Согласно историческим данным, впервые уйгуры начали заселять территорию Казахстана в 1860-1880 годах.

С тех пор этот трудолюбивый народ бережно хранит, передавая своим потомкам семейные традиции, активно участвуя в общественной жизни Ассамблеи народов Казахстана.

ОО «Республиканский этнокультурный центр уйгуров Казахстана» в городе Конаев, являясь филиалом Республиканского этнокультурного центра уйгуров Казахстана (председатель Долкунтай Абдулхалил) вот уже более 20 лет активно участвует во всех городских, областных и республиканских мероприятиях. Предсе-



датель этнокультурного центра уйгуров в городе Конаев Р.С. Нуранова рассказала о его деятельности: «Наш костяк - это 15-20 постоянных членов общественной организации. По статистике в нашем городе и регионе проживают более 500 представителей уйгурской диаспоры, среди которых есть старожилы, строившие этот город, проживавшие в поселке Новоилийске, молодые семьи. Где бы ни проживали уйгуры, они создают местную общину жут. В каждой общине выбирают главу, который организует все мероприятия - свадьбы, обрезание, поминки. Им становится самый авторитетный человек с ораторскими и организаторскими способностями.

Уйгуры-мужчины проводят собрания увеселительного характера - машрабы ко-

торые выполняют коммуникативную, просветительскую, воспитательную функцию в обществе, объединяют людей по разным признакам: их могут создавать ровесники, родственники, коллеги по работе, соседи.

Женщины, надев свои самые красивые национальные костюмы, тоже организуют прекрасные встречи под названием «Гулчай», во время которых ими исполняются мелодичные песни, танцы, рассказываются шутки, а также обмен житейским опытом. Одной из постоянных вдохновительниц приятных посиделок можно назвать почтенную 92-летнюю жительницу города Конаев Жизнерадостную и оптимистичную Зайнапхан Жунусову. Она родом из Семипалатинской области, долгие годы работала шеф-поваром, особенно ей удавались традиционные национальные угурские блюда. На наших чаепитиях в знак уважения согласно древним традициям дарим друг другу платки, подарки. Подобные душевные мероприятия объединяют все поколения, старшие передают свою мудрость жизни младшим.

Накануне праздника члены филиала этнокультурного уйгурского центра города Конаев Алматинской области призывают в День благодарностей ветеранов труда, пенсионеров, работавших не покладая рук ради процветания Казахстана, не теряя бодрости духа, оптимизм, радоваться жизни в дружбе и согласии между народами.

«Сегодня на казахской земле мы можем продолжать свою культуру и традиции. Здесь есть наши школы и единственный государственный уйгурский театр. Мы хотим выразить благодарность казахскому народу за то, что мы, переселенцы, в трудные для нас годы, благодаря гостеприимству и милосердию коренного населения обрели вторую родину».

Жанар ДАУРЕНБЕКОВА

БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

БАСПАНАЛЫ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ

2 бет

ІНІСІ БАРДЫҢ ТЫНЫСЫ БАР

3 бет

БИЛІККЕ АЙТАРЫМ БАР

3 бет

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

4 бет

Аудандық ардагерлер ұйымдарында

МІНДЕТТЕР АЙКЫНДАЛДЫ

Жақында Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының жиналысы болып өтті. Онда бірінші кезекте «Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатынан туындайтын міндеттерін талқылау және ұйымның өткен жылы атқарған жұмысына байланысты мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов баяндама жасады. Ол Ел Президенті Қ.Тоқаевтың өз сұхбатында айтқан қадау-қадау міндеттеріне қысқаша тоқталып өтті.

Газет редакторына берген жауабында Президентіміз бүкіл қоғаммен диалогқа шыққандай әсер қалдырды. Сұхбат барысында халықты толғандырған сауалдарға жауап қана емес, келешекте атқарылуға тиіс маңызды міндеттердің әрқайсымызға байланысты екеніне де тоқталды. Қасым-Жомарт Кемелұлы 2024 жылы атқарылатын ауқымды жұмыстардың бағытын анықтап, стратегиялық ұлттық бағдарларды сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту, ұлтты көтерудегі күш – жігерді шоғырландыру бойынша ұзақ мерзімді мақсаттарды алға қойып отыр. Оның қандай мақсаттар екендігі Үкіметтің ақпан айының басында өткен кеңейтілген отырысында нақтылы айқындалып, оны орындаудың тетіктері жайлы, міндеттерді орындау жолдары айқын көрсетілді, деп сөзін аяқтады Ербол Нұрсейтов.

Бұдан соң аудандық ардагерлер ұйымының 2023 жылы атқарған жұмыстары және алдағы уақыттағы міндеттері туралы аудандық ардагерлер ұйымының алқа хатшысы Ыбырай

Асубаев баяндама жасады. Ол өткен жылғы жүзеге асырылған жұмыстарды жан-жақты айтып өтіп, 2024 жылға қойылған міндеттерге тоқталды.

Үстіміздегі, 2024 жылдың 24-ші қаңтар күні облыстық ардагерлер ұйымында өткен жиын нәтижесі мен төмендегі мәселе-



лерге басты назар аудару ұсынылды, деді Ыбырай Асубаев, өз сөзінде. Ең бастысы төмендегі міндеттерге назар аудару қажет:

- бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысын жанданды-

ру, ұйымның төрағалығына бұрын басшы қызметтер атқарғандарды, яғни жұмыс тәжірибесі барларды; елге-халыққа айтары бар беделді адамдарды тарту;

- сол ауылдағы немесе ауылдық округтегі басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмыстарына араласу, яғни бірігіп жұмыс атқару;

- жастармен бірлесе жұмыс атқару, ұйымның жетекшілігіне лайықты жастарды іріктеуге араласу;

- болашақта бастауыш ұйымдар арасында байқау жариялау (өз Ережесі болады). Қажет болса бастауыш ұйымдар арасында семинар өткізу, ақпарат алмасу;

Жиынға ауылдық округтердегі бастауыш ұйымдардың төрағалары, Шонжы ауылының ардагер-зейнеткерлері қатысты.

Жиында А.Хамраев, К.Қожағұл, Н.Имиров, М.Мамиров, А.Иминова, С.Қапаров сияқты ардагерлер сөз сөйлеп, жоғарыда аталған мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салды. Сөз сөйлегендер әлі де болса округтердегі бастауыш ұйымдардың жұмысын жандандырудың қажеттілігіне назар аударды. Әсіресе, аудандағы білім, денсаулық салалары мен халыққа қызмет көрсету орталығының жұмыстары туралы сын-ескертелер айтылды. Сонымен қатар «Алатау ардагері» газетіне жазылудың қорытындысы шығарылып, жиньылыққа қатысушыларға және баспасөзге жазылудың әлі жалғастырылып жатқандығы хабарланды. Аудан ардагерлері алдағы уақытта атқаруға тиісті міндеттерді айқындап, тиісті қаулы қабылдады.

Р. ЕЛІКБАЕВА



Оқырманға ақпарат

ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстанда 1 наурыздан бастап «Отату» жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Отбасы банктің мәліметінше, қазақстандықтар 2024 жылдың 1 наурызынан бастап 30 сәуірге дейін Vaspana market (otbasybank.kz) порталында «Отату» бағдарламасына қатысу туралы өтінішін жолдай алады. Өтініш беру уақыты маңызды емес.

«Отату» бағдарламасына кімдер қатыса алады?

- Отбасы банк салымшылары («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы), оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады;

- Үміткердің жинақ шоты ең кемі 18 айлық болуы керек;

- Өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы 1 млн теңгеден кем болмауы керек;

- Бағдарламаға қатысушының жасы 18-ден 63 жасқа дейін (қоса алғанда);

- Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы керек;

- Алматы және Астана қалаларынан тұрғын үй алатын жағдайда

аталмыш қалаларда тұрақты тіркеу болуы қажет.

«Отату» бағдарламасы – тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылар үшін баспана сатып алудың қосымша құралы. Ол қазақстандықтар арасында үнемдеу мәдениетін нығайтуға әрі арттыруға арналған. Себебі, ең үнемшіл салымшылардың төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша заем алу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінде салым жинақтау бірнеше жылдан кейін заем бойынша мөлшерлемені төмендетуге мүмкіндік береді.

«Отату» бағдарламасы жұмыс істейтін жастарды, жас отбасыларды, Отбасы банкінің салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жыл сайын заемдардың жартысынан астамы 35 жасқа дейінгі қазақстандықтарға несие беруге бөлінетінін білдіреді. Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттайтын боламыз. Бұл ақша Отбасы банктің өз қаражаты есебінен бөлінетін болады, сондай-ақ қазақстандық қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. «Отату» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз», – деді «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін, otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасакталады. Оған ең көп ұпай жинағандар кіреді.

Ұпайлар қалай есептеледі?
- салым бойынша сыйақы мөлшері үшін - әрбір 1000 теңгеге 5 балл;



- салым мерзімі үшін - салымның әрбір жылы үшін 5 балл;
- тіркелген неке үшін - 10 балл;
- балалардың болуы үшін - санына қарамастан 50 балл.

Егер үміткерлердің ұпайларының саны бірдей болып қалса, онда басымдық салым сомасы көбірек

Жақсы адамдар жапында жүр

Адам өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас 63-тің орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың зейнет жасы аталуы бекер емес-ау. Бір басында тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиет тоғысқан, сонысымен де елінің көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген ардақты азамат Әлібек Тұрыскелдіұлы бұл күнде зейнет жасына шыққалы отыр. Әлібек ағамыз-мінезіне көркі сай, өз ісіне жауапты, білімді, ақылды азамат, әрі өнегелі әке. Әркез саған жақсылық тілеп, қуансаң балаша мәз болатын жан.

Еңбек ер атандырады

Халқымыздың «Туған жерге туың тік!» деген тәмсілінде патриотизмнің кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылыңа деген сүйіспеншіліктен тамыр тартатыны айтылған. Сол сынды туған жеріне аянбай еңбек еткен, Ибраймов Әлібек Тұрыскелдіұлы 1961 жылы 10 қаңтарда Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Айтжан Түркебаев атындағы орта мектепке бірінші сыныпқа барды. 1978 жылы Айтжан Түркебаев атындағы орта мектепті аяқтап, сол жылы Талғар ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына түсіп, аталған техникумның I курсына оқып жүргенде әскер қатарына шақырылды. 1981 жылы азаматтық борышын өтеп келді.

Еңбек жолын 1983-1984 жылдары осы аталған техникумның жолдамасымен Алматы облысы, Алакөл ауданы, «Сельхозэнерго» мекемесінде инженер-электрик болып бастады. Одан соң, 1984-1985 жылдары бас инженер және монтаждау учаскесінің бастығы қызметін атқарды. 1985-1991 жылдары Кеген «Көпсалалы» коммуналдық шаруашылық кәсіпорнында мастер және бас инженер, 1991-1998 жылдары аралығында Кеген аудандық су жүйесі және канализация кәсіпорнының директоры, 1997 жылы Қазақ мемлекеттік сәулет және құрылыс академиясының «Суларды ағызуды, сулармен қамтамасыз ету, суларды қорғау» факультетін аяқтап, «Құрылыс инженері» мамандығын алып шықты. 1999-2003 жылдары Қазақстан темір жолына қарасты «Матай локомотиву цехы» бастығы, 2003 жылдан 2009 жылға дейін Алматы облысы, Рай-



ымбек ауданы, Кеген ауылында «Кеген су құбыры» кәсіпорнының директоры қызметін атқарды. 2009 жылдың ақпан айынан 2013 жылдың қыркүйегіне дейін Саты ауылдық округінің әкімі болып қызмет істесе, 2013-2017 жылдың 10 қыркүйегіне дейін Кеген ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін абыройлы атқарды. 2017 жылдан зейнетке шыққанға дейін Кеген ауданы, Саты ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. Осылайша, өзінің білімі мен қайсарлығының арқасында көптеген қызметтер атқарып, құрметті демалысқа шықты.

Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Зейнет жасына жетсеңіз де, ұрпаққа үлгі болып, ел игілігіне өзіңіздің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттеріңізді кеңінен көрсетіп, көптеген жаңашыл істердің ұйытқысы болыңыз! Сізге қажымас қайрат, отбасыңызға бақ-береке тілейміз, ұл-қыздарыңыздың қызығын көруге жазсын!

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.

тұрғын үй - Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында (оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты бойынша);

- басқа елді мекендерде кез келген тұрғын үй.

Бағдарламаға қатысушы жаңа тұрғын үйді Баспана маркет (otbasybank.kz) порталынан ғана сатып ала алады. Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған.

Әрбір нысан аталмыш платформаға орналастырылмастан бұрын, тұрғын үйдің нарықтағы бағасы негізінде құнын бекіту процесінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен шаршы метр бағасын белгілей отырып, тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

«Отату» бағдарламасының шарттары:

- Алғашқы жарна - 20%-дан бастап;

- Несие бойынша мөлшерлеме - жылдық 9% (ЖТСМ 9,2% бастап).

- Несие мерзімі - 19 жылға дейін.

«Отату» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) Отбасы банкінің сайтында жарияланатын болады. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталда таныса алады.

Несие көлемі қандай және қандай тұрғын үй сатып алуға болады?

- Алматы мен Астанадағы заемның ең жоғары сомасы - 30 млн теңгеге дейін;

- қалған өңірлерде - 18 млн теңгеге дейін.

- тек алғашқы нарықтағы

Мерей билігінде

ІНІСІ БАРДЫҢ ТЫНЫСЫ БАР



Жақсы аға – орман,
Жақсы іні – қорған.

(Ұлағат сөздерден)

Ең жақын әрі жасы үлкен туыс – ағалар, әкпелер десек, әке – шеше жоқта, солардың орнына жүретін кісілер адамды құрметтеу, олардың ақыл-тыңдау жазылған үлкен қағида болуы тиіс. Біздің әулетте әке – шешенің жоқтығын білдірмей, қуанышта да, қайғыда да, бар да, жоқ та бірге саған қорған болатын, бір ауыз сөзіңді екі етпейтін бауырлар бар. Солардың бірі – менің бауырым Сартолов Қанат Әбілжанұлы.

Бауыр – туыстық атау. Дәстүрлі ортада бір әке – шешеден туған, жақын немере,

туысқан адамдар бауыр деп аталады. Менің бауырым Қанат 1964 жылы 31 қаңтарда қазаған аязды күні дүниеге келді. Екі ағайынды жігіттің алдыңғы перзенттері өңкей қыз болғандықтан, бүкіл ел – жұрт інім Қанаттың өмірге келуін асыға күтті. Асыға күткен ұл дүниеге келгенде бүкіл ауыл, әулет қуанды. Үлкен әкем Әбіхан мен нағашым Несіпбек қуаңғандары сонша екеуі қуырдақ пісіруге кірісіп кетіпті. Жылда соғымға бір жылқы, бір сиыр сойып алатын едік. Жылқының еті қуырдақ пісіруге оңай, тез піседі деп бір жылқының етін түгел қуырдақ жасап, құттықтап келген қонақтарға түк қалдырмай таратқанын елдер көп уақытқа дейін айтып жүрді. Әке – шешем, әжем Күміс, үлкен әкем Әбіхан мен шешем Күлән әрең көрген ұлдың тілеуін өмірден өткенше тіледі. Елдің тілегені ешуақытта жерде қалмайды. Қанаттай – інім туылған күннен бастап өте ақылды болды. Орта мектепті бітіріп, Отан алдындағы борышын өтеу үшін аттанды. Халық батыры Бауыржан ағамыз өзінің кітабында өте суық екенін, қарағайлар суықтан қарс айырылатын Қиыр Шығыста әскери қызметін атқарды. Қатардағы солдаттан «старшина» болып оралды. Әскери қызметтегі жақсы нәтижесі үшін сол жақтан жоғарғы оқу орнына оқуға түсуге жолдама әкелді. 1985 жылы тамызда Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (ҚазПИ) тарих факультетіне оқуға түсті. Оқуда озат, қоғамдық жұмысқа белсене араласты. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына да қатысты. Өз пікірін айтамын деп «құғын - сүргінге» ұшырады. Оқудан шығармақшы болғанда сол кездегі сүйікті деканымыз Әділханов Шәбден Әділханұлы аман алып қалды. Марқұм Шәбден Әділханұлы Қанатты өте жақсы көретін. 1990 жылы жаз айында жоғары оқу орнын бітіріп, Шонжыдағы №2 мектепке жұмысқа тұрды. Мұғалімдік қыз-

метін абыроймен атқарды. Біраз уақыттан соң аудандағы әкімшілікке жұмысқа ауысты. Абыройлы істер атқарды. Білім беру саласында да бір кісілік еңбегін көрсете білді. Мен інімді мақтан етемін. Жақсылық көрсетпесем, жамандық көрсетпесем, жасымай ылғи да өзінің қайраттылығын көрсете біледі. Әке – шешем өмірден өткен соң біздің әулеттегі бар жауапкершілікті өз мойнына алған. Туысканның арын өз арындай ардақтау, қайғысы мен қуанышын өз қайғы-қуанышындай қабылдау, бала-шағасын бауырына басу, әулеттің ортақ қызығын бірге мерекелеу, тарыққанда, сұратпай қол ұшын беру, осындай әріден келе жатқан дәстүр-

лі ауызбірлік, ынтымақты жастардың бойына дарыту, ағайыннан ағайынға жақсы нәрселерді табыстау, туыстар арасында бұлжытпай сақталатын әдепті істер - Қанат бауырымның имандылық талаптары. Осы талаптарды ешуақытта ұмытпайды, ешкімнің көңілін қалдырмау – басты міндеті.

«Жақыныңды жаттай сыйла, Жат жанынан түңілісін», - деп марқұм ағам көп айтушы еді. Қанатай осы сөзді жадынан шығарған емес. Туыстардан бір адам бір нәрсеге ұшыраса, Қанатай сол жерден табылады. Қанатайдың достары өте көп. Адамдарды ұлтына қарап бөлмейді. Барлығын өз бауырындай сыйлайды. Аудандық ішкі саясат бөлімінде жүргенде «Он екі мұқам» туралы үлкен іс – шара өткізді. Сол іс – шараның жоғары деңгейде өткенін әлі күнге дейін ұйғыр ағайындар еске алады.

Марқұм Иманбек аға «Қазақ тілі» қоғамын басқарып тұрғанда ауданда айтыс өткізді, ұмытылып бара жатқан нәрсені халыққа паш етті. Қанатай жар таңдауда да қателескен жоқ. Жары, менің келінім Салтанат өте керемет жан. Атына сай жүрген жері – салтанат, қуаныш. Қанатай екеуі бір қыз, екі ұлды дүниеге әкелді. Екеуі ата – әже атанды. Әрбір немересі екеуі үшін ыстық. Немелері де атасы мен әжесін жақсы көреді. Қазіргі жұмысында да Қанатай сыйлы. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деп ағам қазақ бекер айтпаған. Барлық жерде сыйлы, құрметті боп жүрген ініме үлкен абырой тілеймін.

Жақында алпысқа толды. «Алпыс тал тұс» деген халқым, әлі де алатын асулар алда. Тек бір алла жар болсын!

Рая САРТОЛОВА

әкпесі,

Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы,
аудандық ардагер
әжелер кеңесі төрайымы



Билікке айтарым бар!

АРАЛДА ҚАЛҒАН АУЫЛ

Құрметті «Алатау ардагері» газетінің редакциясы, сіздерге жазған хатымның тақырыбын «Аралда қалған ауыл» деп қойып отырмын. Ол тегін емес. Алматыны санамағанда тіпті аудан орталығының өзінен жырақта жатқан Балқаш ауданының Құйған деген ауылының шешімін таппаған мәселелері көп-ақ. Әлеуметтік жағдайын бір сөзбен айтсақ, аралда қалса, аралда қалғандай күйде.

Ең үлкен проблема халықтың денсаулығы төңірегіндегі мәселе еді. Оны сіздердің газеттеріңіз арқылы ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақбар Молдаров деген азамат көтергенін білеміз. Ол мәселе облыс басшыларының назарына іліксе, оң шешілер деген үміттің жетегінде отырғанымды жасыра алмаймын.

Менің көтеріп отырған мәселем-жолаушылар тасымалдау мәселесі. Басқаша айтсақ, ауылға келетін автобусты ауыл жұртшылығының көрмегеніне бес жылдан асып барады. Аралда қалғандай күй кешкен ауыл жұртшылығы өздері тұрып жатқан «Кіші жерінен» өркениеті бар «Үлкен жерге» өз шаруалары бойынша сәлем-сауқатын автобус болмағандықтан амал жоқ, «таксишіміз» дейтін азаматтардан беріп жіберіп, болмаса алдыртып отырады. Алыс-беріс дүниелердің ішінде ауылда дәріхана жоқтығынан керекті дәрі-дәрмектері де бар. Және тегін емес. Таксишінің курьерлік қызметіне ақшасын төлейді. Автобус болмаған соң ауыл тұрғындарының өздерін де сол ауылдың таксишілері ары-бері тасиды. Жақын жер болса жөн. 230 шақырым ары, осыншама шақырым бері тасығаны үшін алатын ақшасын санай берсеңіз болады. Уақыт өткен сайын ол баға өспесе, кемімейтіні анық. Оған себеп-жанар майдың қымбатшылығы деген сылтау. Басқа көлік болмаған соң дауласудан пайда жоқ, сұрағанын бересің.

«Осы аудандағы Құйған мен Қараой ауылдары ертоқымның екі

үзеңгісіндей, Іленің екі жағына орналасқан. Аудан орталығынан қашықтығы да шамалас. Қараой ауылына автобус жүйелі жүріп тұр. Ол жаққа жүрген автобус біздің де ауыл жаққа неге жүрмейді? Бір ауылға көл, екінші ауылға шөл болғаны ма?» деп күйінеді қолы қысқа болып, даусы жоғары жаққа жетпеген ауыл тұрғындары. Кейбір кезде ағайындардың қуаныштарына, өлім-жітімге бара алмай қалатын жағдайлар болады.

Оларға не дерсің? Амал жоқ, ел ағасы ретінде, ауылдың үлкені ретінде ел аманатын арқалап, қолға қалам мен қағаз алып отырған жайым бар.

Бұл мәселені ауыл жұртшылығының кейбір жанашырлары



аяғы жеткен жерге дейін барып, даусы жеткен жерге дейін айтқан кездері болды. Бірақ нәтиже болмады. Айтатындары-автобус өз-өзін ақтамайды деген уәж. «Өз-өзін ақтамаса да, өркениеттен үзіліп қалған алыстағы елдің тағдырын ойлап, әлеуметтік жағдайына жаны ашитын басшылық болса, субсидия көзін қарастырса болар еді-ау» деген ой сананы мазалайды.

Бақанас ауылынан Құйған ауылына дейін автобус жүретін жол күрделі жөндеуден өткен, жол сапасы жақсы.

Аудан әкімімен соңғы кездесу жиында Балатопапар ауылының тұрғындары Бақанас-Құйған бағытындағы автобус бағытын ашу жөнінде өтініштерін де айтқан.

Мәселе сол бетінде қалған секілді. Аудан жақтан үн жоқ.

Заман осылай болып кетті ме, біз аудан орталығына жете алмай отырсақ, аудан орталығы деген аты бар Бақанас Алматыға да автобус жүрмегеніне біраз уақыттың жүзі болды. Ол қызмет нарығын салық төлейтіні бар, төлемейтіні бар таксишілер басып қалған. Бұл-енді басқа әңгіменің тақырыбы.

Құйған ауылынан шығатын автобус аудан орталығы Бақанас ауылына жеткенше Іле өзені жағасындағы Жиделі, Балагопар, Тонар, Желтоғанғы, Аралтөбе, Ақжар, Бура елді мекендерінің түбінен өтеді. Осы бағыттағы аты аталған ауылдарға да автобус қатынасы қарастырылмаған. Тіршілік болған соң осы елді мекендердің халқы да алыс-жақын ағайынмен қарым-қатынас жасап, жүріп-тұратыны анық. Демек,

ол маршрут өзін өзі ақтайтынына сенім мол. Оған дәлел-осы бағытқа жүретін таксишілердің көптігі. Халық жүрмесе олар жолаушы аңдып, аудан орталығындағы автобекет маңайын жағалап жүрмес еді ғой деген ой туады.

Облыс көлемінде жаңадан ашылған «Алатау ардагері» газеті арқылы аталған ауылдың ардагерлерінің, зейнеткерлерінің, көп балалы аналарының және тұрғындарының өтініштерін жеткізіп отырмын. Осы мәселенің оң шешілуіне көмектесулеріңізді сұраймын.

Қасен ШАЛАБАЙҰЛЫ,
зейнеткер, Балқаш,
Қарасай аудандарының
Құрметті азаматы.
Балқаш ауданы.

ОҚУШЫЛАРҒА ОБАЛ БОЛДЫ

Есік қаласының орталығында қоныс тепкен Абылайхан атындағы орта мектеп байырғы заманнан жұмыс істейді. Онда білім алатындардың басым көпшілігі-қазақ балалары. Бұл мектептің өркендеп жандануына Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі, Еңбекшіқазақ ауданның Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Жұмахан Бұқаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мектеп жанынан бастауыш сыныптар оқитын қосалқы мектеп те ашты. Одақ заманында кілең орыс тілділер оқитын мектептің қазір жартысынан көбі-қазақ сыныптары. Ол кезде орыс ауданы атанған елді мекен үшін бұл үлкен жетістік болатын.

Қазір тоқсаннан асқан ақсақал көп жыл өзі істеген мектептің қазіргі кейпін көріп, реніштен күйзеліп отыр. Былтыр жаз айында «күрделі жөндеу жұмысын жүргіземіз» деген биліктегілердің уәдесі құрдымға кетіп, төбесін түгелдей ашып тастап, жарамды құрылыс материалдарын алған болатын. Сол жұмысты қолға алған алдыңғы құрылысшылар белгісіз себептермен жұмысты аяқтаудың орнына төбесін көрсетпей қашып тұрған.

Мектептің жөндеу жұмыстары бітпеген соң осы мектепте оқитын 1600 оқушы мен ұстаздар Есік қаласындағы жаңадан салынған Қазақ лицейіне түгелдей уақытша көшірілген. Одан бері де жеті айдың жүзі болды. Негізі шатыры да, шатырын ұстап тұрған құрылыс материалдары да әлі елу жылға шыдас берер ағаштар болатын. Жазда келген құрылыс компаниясы сол жарамды құрылыс материалдарын алып тастап, екі мектептің төрт қабырғасын ғана қалдырды. Сонымен Алматыдан келген құрылысшылар құрылыс жұмысын тастап кеткендіктен қабырғаларына су кетіп, жауын шашынның астында қалды. Қабырғаларына су кетіп, дымқылданған соң шыдасын ба, жарылудың алдында тұр.

Осылай басталған іс жарты жолда тасталып, керемет оқу ордасы қаңырап бос тұр. Мектеп маңайынан оның директорын да, жұмыс істеп жатқан құрылысшыларды да көрмедік. Мектеп биік дуалмен қоршаулы, есігі құлыптаулы. Мектепке кіру мүмкін емес.

Осы жақында тағы да «басқа құрылыс компаниясы келіпті» деп естідік. Олар да мандытып жұмыс істеп жатқан жоқ. Сол мектепте оқыған оқушылар бес, он шақырым жердегі Қазақ лицейіне жаяулап барып, қыстын күні қырауда көрмеген азыбы жоқ. Ата-аналары сол балалары үшін жұмыстан да қалып, әуреге түсуде. Көптеген ата-аналар әкімшілікке арыздарын жеткізгенмен оған құлақ асатын билік болмай тұр. Амалдары таусылған олар ауыл ақсақалдарына жүгінуде. етіні ауыл ақсақалдары. Есік қаласының ардагерлер ұйымының жетекшісі Серік Спатаев, Еңбек ардагерлері Ильян Жәкей, Ахет Бактыбай, Құдайберген Жаңабай, осы жолдың авторы Шаяхмет Құсайынұлы сияқты біраз ардагерлердің басын қосып, Абылайхан мектебіне барған едік. Кіру мүмкін болмады. Құрылыс бригадирі ме, күзетші ме, білмедік, ішінде жүргендер бізге есік ашпай қойды. Ешкім кірмейтін құпия мекемеге келгендей болдық.

Ұзын сөздің қысқасы, ешбір жұмыс жүріп жатқан жоқ. Қыстың күні қырауда бүрсендеген, оқушылар мен ұстаздардың обалын, осы құрылысқа жауапты биліктегілерге қалдырдық. Осы мектептегі іс-әрекетті, келеңсіз жәйттерді жақсылап тексеруді құзырлы орындар қолға алса құба-құп болар еді.

Шаяхмет
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ,
Есік қаласының тұрғыны,
еңбек ардагері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұлғатты ұстаз

МАЙРА ИЛИЯСҚЫЗЫ
МАМАЕВА

бүгінде мерейлі 70-жасқа толып отыр.



Ұзақ жыл Іле ауданындағы № 4 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған Майра Илиясқызы өзінің ұстаздық өмірі жолында, жүздеген шәкіртіне саналы тәрбие, сапалы білім білім беріп, сол еңбегінің нәтижесінде ауыл тұрғындары, ата аналар, әріптестері, шәкірттері тарапынан үлкен құрметке ие болған абыройлы жан. Оның шәкірттері аудандық, облыстық пән олимпиадасында үнемі жүлдегер атанып, бүгінде еліміздің әр саласында табысты еңбек етуде. Майра Илиясқызы зейнет жасында болса да ауылдағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады.

Өнегелі отбасының ұйытқысы болып отырған Майра Илиясқызын 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі, ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы.

Армадастар, құрдастар

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕН

Өнерлі жүзер өрге, олардың орны төрде Ай мен жұлдыз болмаса, Қараңғыда адамдар адасар еді. Өнер дүлдүлдері болмаса, мына күйбің тіршілікте адам – дардың көңілін кір басар еді.

Шерхан МҰРТАЗА



Өнер – таусылмас қазына. Өнер арқылы адамдар кір басқан көңілін тазартып, өнерден рахат алады. ХХІ ғасыр – жастар үшін өнерді өрістететін ғасыр. Кез келген өнердің биігіне өздерінің білімі мен біліктілігі арқасында жетеді. Кенес Одағы кезінде барлық өнер иелерінің тағдыры Мәскеуде шешілетін. Біз Тәуелсіз, әділетті Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз, өнерге жол ашық, мархабат, өз талантыңды көрсет, ел – жұрт саған сүйсіне қол соқсын.

Өнеріне тәнті боп жүрген жастарымыз біздің ауданда да бар. Солардың бірі – жас өнерпаз Жұмағалиұлы Еркебұлан. Еркебұлан Шонжы ауылында дүниеге келіп, орта мектепті бітірген. Арман қуып Алматыдағы Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер Академиясында «Музыкалық театр артисі» мамандығы бойынша бітірген. Еркебұлан алғаш рет ауданда өткен бір іс-шарада жүргізуші болды. Даусы керемет. Өзім

Еркебұланның даусын қазақ радиосында диктор болған Әнуарбек Байжанбаевтың даусына ұқсаттым, киген киімі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті өзіме қатты ұнады. Бірер жыл бұрын ауданда марқұм Асқар Наймантаевтың «Ескендір» поэмасының желісінде жазылған қойылыммен бастады. Сол қойылымда Еркебұлан атакты батыр Ескендірдің



ролін сомдады. Бүкіл жұрт қошеметтеп сахнадан шығарып салды, осы қойылым туралы, Еркебұланның ролді сомдауы туралы әйгілі актер Тұңғышбай Жаманқұлов аса зор бағасын берді. Бәріміз жас өнерпазды қолдап, қуандық.

Ескендір поэмасы – Абайдың гуманистік көзқарасын тереңірек танытатын елеулі сюжетті туындысы. Халыққа Ескендірдің бүкіл болмысын Еркебұлан дәл көрсетті. Еркебұлан театрға дейін аудандағы «Жазерке» халықтық ұлт – аспаптар ансамблінде ән шырқап елді тамсантты. Театрда «Сарыбидай», «Алтын көрсе періште жолдан таяр», «Досым саған сенем», «Аманат» атты спектакльдерде басты рольдерді сомдады. 2023 жылдың мамыр айынан 2024 жылдың қаңтар айына дейін Ұйғыр аудандық «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығын-

да», «Актерлік шеберлік» үйірмесінің жетекшісі болып, оқушыларды өнерге баулады. Қазіргі кезде «Қарадала» халық театрының жетекшісі болып жұмыс істейді. Өзімен тілдескенде «Адам берілген әр қасиет ата-ана қанынан тарайды деп ойлаймын. Маған да әртістік өнер анам мен әкенің қанынан келіп, осы күнге дейін осы жолда жұмыс атқарып, бүгінгі күні өмірлік кәсібіме айналды» деді. Өнер жолы – қиын жол. Талай елдің сол жолда тауы шағылып, кері қайтқаны бар. Бүкіл шаршауды арақ арқылы басып, маскүнемдікке салынған адамдарды да кездестіргенмін. Еркебұланға шаршама, жастық жалынды өнерге арна демекпін. Мен өзім де өнерге жақынмын. Өнер адамдарын аса қатты қадірлеймін. Жас болса да салмақты ой айтатын Еркебұланды қазіргі жастарға үлгі ретінде айта аламын. «Адамның жақсы болуы нағашыдан, үйдің жақсы болуы ағашынан» демекші нағашы аталары Әлімғожа, Сламғожа, атасы Нұржақып, әжесі Секерхан да өнерден құр алақан емес. Еркебұлан өнердің бәрі атасы Нұржақыпта болғанын мақтанышпен айтты. Еркебұлан үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп тұратын жастардың үлгісі. «Мен жастарға сенемін» деп ақын айтқандай мен Еркебұланға сенемін, зор үміт күтемін.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы



Жасың жер ортадан ауганда...

СЕКСЕНГЕ КЕЛГЕН КАРТТЫҢ АЙТҚАНЫ

- 1. Жасың жер ортадан ауганда ешкімнің құлақ етін жеме. Сенікі дұрыс екендігіне сенімді болсаң да қажеті жоқ. Есіңде болсын, жас кезінде өзін де көп сөйлегенді ұнатпайтынсың. Кейінгілер де сенің сөзіңді ұнатпауы мүмкін.
- 2. Саған өтінбейінше әлдебіруге «көмектесем» деп тырыспа. Күш-қуатың бұрынғыдай емес. Алдымен өз мүмкіндігіне кара. Жақындарыңды да бар қиындықтарынан құтқаруға тырыспа. Сен істегеніңді істегенсің. Сол істегендеріңді енді істей аласың ба, жоқ па, шамаң біледі. Енді тек оларды жақсы көр. Тек тілекші ғана бол.
- 3. Шағымданба. Кіреберістің алдында өсек қуып, өкпе-ренішті өзгеге айтып қана отыратын кемпір болып қалма. Сенің мәселен басқаға керек емес. Оны тыңдайтын бар, тыңдамайтын бар.
- 4. «Сенің жасыңда менің ең жақсы өмірімді саған арнадым» деп, балаларыңа айтпа. Осы сөзіңмен

әке-шешелік парызыңды міндетсігендей боласың. Түсінер бала бүгін түсінбесе, өзі балалы болғанда түсінеді.

5. «Мен жақсы білем, өйткені

мен өмір көргенмін» деп те балаларыңа айтпа. Әркім әртүрлі қабылдайды. Айтқанды тыңдап, сен айтқан жолмен жүрмесе, сен көрген өмірді олар да көрсін, сен

жүрген жолдармен олар да жүріп көрсін.

6. Саяхатта, қыдыр. Бұрын болып көрмеген немесе барғың келген жерлерге бар. Жас кезінде үлгермеген арман-тілектеріңді мүмкіндігіңе қарай орындауға тырыс.

7. «Қартайдым, маған сән енді не керек?» деп, үстіңе ілінген киіммен жүре берме. Өзіңе жарасымды киім таңда. Талғампаздық қымбат болмауы керек. Тіпті күнделікті киетін киімдерің де сәнді көрінуі мүмкін.

8. Жұбайың әжімді, әлсіз, кәрі болса да жақсы көр және оған үнемі қамқорлық жаса. Жұбайың өзін сияқты жас, жігерлі, өңді, сергек болғанын ұмытпа. Үйленер алдында «қартайғанға дейін жаманшылығымызда да, жақсылық-қуанышымызда бір-біріміздің қасымызда боламыз» деп серттескендеріңді ұмытпа. Ол-сенің жас, сымбатты және әдемі болғаныңды еске алатын санаулы адамдардың бірі. Оған сен ең қажет адам болуың мүмкін.

9. Ешбір жағдайда уақыттың артынан қума. Жәй ғана өмір сүріп, өзіңе ұнайтын нәрсені жаса.

10. Өзіңді ешнәрсеге кінәлама. Өзіңнің және балаларыңның өмірі қандай болса да сен қолыңнан келгеннің бәрін жасадың. Қандай жағдайда да өз беделіңді түсірме.

11. Жас ұлғайған сайын ақыл-ойың да арта түсуі керек. Өз абырой-беделіңді өзіңе бағалы қалпыңда қалдыр.

12. Егер осы жасқа дейін жасап, жер бетін басып жүрген болсаң, сен біреуге қажет адамсың.

13. Қартаюды өмірдің соңы деп қарауға болмайды. Өмірдің жаңа белесі басталып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды деп қара.

14. «Тегін білмеген тексіз» деген сөз бар. Мүмкіндігінше балаларыңның санасына ата-тегіңнің шежіресін құйып отыр. Балаларың текті болсын. Ертең ұлың үйге аталастың қызын келін етіп түсіріп жүрмесін. Бұл қан тазалығы үшін керек.

Дайындаған
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.



АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санын таралымы – 6200, Тапсырыс №344 Индексі – 65472.